



010000, Астана қаласы,
«Министрліктер үйі», Мәңгілік ел даңғылы, 8,
3-кіреберіс, тел.: 8 (7172) 750631

010000, город Астана,
«Дом министерств», проспект Мәңгілік ел, 8,
подъезд 3, тел.: 8 (7172) 750631

№ _____

Е. Д. Бақбергенге

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті, Сіздің жазған өтінішіңізді өз күзіреті шеңберінде қарастырып, келесіні хабарлайды.

Эрозия - топырақтың бұзылуына, гумустың жоғарғы қабатының жуылуына және үрленуіне және олардың құнарлылығының жоғалуына әкелетін жердің деградациясының ең қауіпті түрлерінің бірі. Көптеген жағдайларда эрозиялық процестер антропогендік әсердің әсерінен пайда болады және дамиды. Жердің сапалық сипаттамасының деректері бойынша Қазақстан Республикасында 90 млн. гектардан астам эрозияға ұшыраған және эрозияға ұшырауға қауіпті жерлер бар, **оның ішінде іс жүзінде эрозияға ұшыраған – 29 млн.га.**

Қызылорда облысының 2019-2023 жылдар аралығында суармалы жер көлемі 2019 жыл – 251034 га, 2020 жыл – 252032 га, 2021 жыл – 254058 га, 2022 жыл – 265319 га, 2023 жыл – 268016 га құраған.

Бұған қоса, 2019-2023 жылдардағы суармалы егістік жерлердің 0-100см тереңдіктегі топырақ тұздылығына байланысты бөлінуіне тоқталатын болсақ:

- **2019 жылы** – 2840 га (*тұзданбаған*), 123377 га (*әлсіз тұзданған*), 89907 га (*орташа тұзданған*), 34910 га (*күшті және өте күшті тұзданған*) жерлер;
- **2020 жылы** – 110205 га (*әлсіз тұзданған*), 85572 га (*орташа тұзданған*), 56255,5 га (*күшті және өте күшті тұзданған*) жерлер;
- **2021 жылы** – 116389 га (*әлсіз тұзданған*), 87629 га (*орташа тұзданған*), 50040 га (*күшті және өте күшті тұзданған*) жерлер;
- **2022 жылы** – 117731 га (*әлсіз тұзданған*), 89056 га (*орташа тұзданған*), 58532 га (*күшті және өте күшті тұзданған*) жерлер;
- **2023 жылы** – 123906 га (*әлсіз тұзданған*), 96190 га (*орташа тұзданған*), 47920 га (*күшті және өте күшті тұзданған*) жерлерді құрайды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 87-бабына сәйкес Сіздің өтінішіңіз оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен қаралды және «Құқықтық актілер туралы» Заңның 60-бабының 4-тармағына сәйкес жоғарыда көрсетілген түсіндірменің міндетті заңды күші жоқ және

ұсынымдық сипатта болады.

Төраға

М. Теміржанов

Орынд.: Д. Солтанбеков

Тел.: 74-97-24

Эл. мекен-жайы: soltanbekov.d@minagri.gov.kz